

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2015, №1 (2)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA) , A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ошан Ж.

Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты

Аннотация. Бұл мақалада «Моңғолдардың құпия шежіресі» ескерткішіне арналған қытай ғалымдарының зерттеулері қарастырылады. Аталған жазба мұраның тарихи, лингвистикалық, әдеби және деректанулық аспектілерін зерттеген ғылыми еңбектерге талдау жасалады. Ерекше назар қытай зерттеушілерінің бұл шығарманың шығу тегі, мәтіндік ерекшеліктері, аудармасы мен интерпретациясына қатысты көзқарастарына аударылады. Қытай ғалымдарының моңғолтану ғылымының және Орталық Азияның ортағасырлық тарихын зерттеудің дамуына қосқан үлесі бағаланады. Сонымен қатар ескерткішті зерттеудің негізгі бағыттары мен әдістері анықталып, қазіргі ғылыми ойдың өзекті мәселелері көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қытай ғалымдарының осы тарихи-мәдени мұраны зерттеу және кеңінен таратудағы маңызды рөлін ашуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: «Моңғолдардың құпия шежіресі», қытай ғалымдары, моңғолтану, тарихнама, деректану, мәтінтану.

ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»

Ошан Ж.

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные направления исследований китайских ученых, посвященных древним письменным документам Центральной Азии, созданным на индоевропейских языках. Анализируется вклад китайских специалистов в изучение рукописей на тохарском, согдийском, хотанско-сакском и других древних языках, а также их роль в выявлении историко-культурного значения и языковых особенностей этих памятников. Особое внимание уделяется уровню изученности письменных источников, обнаруженных в ходе археологических раскопок на территории Китая, проблемам чтения, перевода и введения текстов в научный оборот. Результаты исследования показывают важную роль китайских ученых в изучении истории народов Центральной Азии, культурных связей региона и распространения индоевропейских языков.

Ключевые слова: Центральная Азия, китайские ученые, индоевропейские языки, тохарский язык, согдийский язык, хотанско-сакский язык, древние письменные документы, рукописеведение, историческая лингвистика.

STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS

Oshan Zh.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

Summary. This article examines the main directions of research conducted by Chinese scholars on ancient Central Asian written documents composed in Indo-European languages. It analyzes the

contribution of Chinese specialists to the study of manuscripts written in Tocharian, Sogdian, Khotanese-Saka, and other ancient languages, highlighting their role in identifying the historical, cultural, and linguistic significance of these sources. Particular attention is paid to the state of research on written monuments discovered during archaeological excavations in China, as well as to issues related to the decipherment, translation, and incorporation of these texts into academic circulation. The study demonstrates the significant role of Chinese scholars in investigating the history of Central Asian peoples, the region's cultural interactions, and the spread of Indo-European languages across Central Asia.

Keywords: Central Asia, Chinese scholars, Indo-European languages, Tocharian language, Sogdian language, Khotanese-Saka language, ancient written documents, manuscript studies, historical linguistics.

Мазмұны. Моңғолдардың Қытай жерінде құрған Юань мемлекетін құлап, этникалық қытайлардың Мин патшалығы орнағаннан кейін Мин патшалығы алдыңғы патшалықтың тарихына қатысты тарихи деректерді жинау, реттеу және зерттеу үшін ауқымды жұмыстар атқарды. Олар 1382 жылдан бастап моңғолдан мұраға қалған құпия деректі аудару жұмысын бастап қытайша «Юань чао ми ши» деп атады.

Ғалымдар құпия шежіренің түп нұсқасы көне ұйғыр жазуымен жазылған деп қарайды. Дегенмен ондай түп нұсқа біздің дәуірімізге жеткен жоқ, оның тек Мин патшалығы дәуіріндегі қытайша транскрипциясы ғана сақталып келді. Мұнда Мин патшалығы дәуірінде атқарылған шараларға байланысты құпия шежіренің 15 дәптерден тұратын нұсқасы «Юнлэ дадян» атты топтамаға енгізілген. Ал 12 дәптерден тұратын нұсқаны Хуан Юйцзи деген адам өзінің «Цяньцинтаншуму» атты кітабына енгізген. 1728-1804 жылдары жасаған Цин патшалығы ғалымы Цянь Дасин 1800 жылы кітаптың қытай иероглифімен жасалған транскрипциясы мен қытайша аудармасы жазылған нұсқасын «Юнлэ дадян» кітабынан көшіріп тұңғыш рет жария етті, бұл моңғол тарихын зерттеудегі үлкен жаңалық болды, кейін «Құпия шежіренің» көптеген нұсқалары жасалды [1].

«Құпия шежіренің» 12 дәптер және 15 дәптер сынды екі нұсқасының айырмашылығы алдыңғысы тұтас еңбекті 12 дәптерге бөлсе, келесісінің еңбекті 15 дәптерге бөліп жазуы ғана. 12 дәптердің он дәптері негізгі мазмұн саналып, қалған екі дәптер еңбектің жалғасы есептелген, бұл нұсқа Мин әулетінің Хун у жылнамасы жылдарында басылғандықтан «Хун у нұсқасы» деп аталып, кейін келе «Сыбуцункань» нұсқасы мен «Е Дэхуэй нұсқаларының» дерек қайнары болды, 12 дәптердің қателіктері аз, сондықтан еңбекті аудару мен зерттеуде негізінен осы нұсқа пайдаланылады.

«Құпия шежірені» баспадан шығару қытайда Цин дәуірінде басталды. Цин тарихшысы Ли Вэньтянь өзі жасаған дәуірде сақталған жеті түрлі нұсқаны салыстыра отырып түсініктеме жасап, «Юань чао ми ши түсініктемелері» деген атпен 15 дәптерлі нұсқаны 1896 жылы баспадан шығарды, еңбек 1931 жылы Шаңхайда қайта басылды [2]. Бұл «Құпия шежіренің» ең алғашқы қытайша толық аудармасы жасалып, түсініктемелер берілген басылымы саналады. Өткен ғасырдың 50 жылдарында қытайша транскрипциядағы «Е Дэхуэйдің гуангутан» нұсқасынан қытайшаға аударған «Юань чао ми ши» баспадан шықты [3]. Көп өтпей Се Цзайшань Ц. Дамдинсүрэн құрастырған еңбекті қытайшаға аударып баспадан шығарды [4].

Бұдан кейін Қытайда құпия шежірені аудару, баспадан шығару араға отыз жыл салып қайта жалғасты. 1979 жылы Даожунтибу аудармасы жарық көрді [5], осы жылдары Жагчит Сеченнің «Мэн гу ми ши»: жаңа аудармасы және түсініктемелері» Тайванда баспадан шықты [6]. 1980 жылы Элдэнтай, Оюундалай қатарлылардың 12 дәптерден тұратын «Сыбуцункань» нұсқасын негіз етіп, Е Дэхуэйдің қытайша транскрипцияланған гуаньгутэ нұсқасы мен Кеңестер одағынан шыққан 15 дәптерлік нұсқаны өзара салыстыра отырып түсініктемелер жасаған салыстырмалы нұсқасын шығарды [7], бұл еңбек қытайда жарық көрген құпия

шежіре басылымдарының ішінде ғылыми құндылығы бірінші деңгейлі еңбек ретінде бағаланып келеді, себебі шығарылым түп нұсқаға ең жақын, онда ең байырғы қытайша транскрипция мен аударма да көрсетілген. Сол себепті соңғы кезде жарық көрген басылымдар осы басылымды негіз етіп отыр. 1987 жылы Ман Чан аударған «Моңғолдың құпия шежіресінің қысқаша аудармасы» жарық көрді [8]. Қытайдағы этникалық моңғол ұлтының уәкілдері болған Іринчин және Баяр еңбектері де «Құпия шежіренің» ең таңдаулы басылымы қатарында бағаланады [9]. Құпия шежірені аудару, баспадан шығару мен зерттеудің соңғы жетістігінде 2001 жылы Юй Дацзюнь аударып, түсініктемесін жазған басылымның алар орны да ерекше [10].

Қытайдағы құпия шежіре тарихын зерделеп жүрген ғалымдар ол туралы қатысты зерттеулердің Мин патшалығы дәуірінде қолға алына бастағанын дәлелдеді [11]. Ал өткен ғасыр мен осы ғасырда жасалған деректанулық зерттеулер негізінен алғанда арнаулы деректанулық зерттеулер мен еңбекті қытай және моңғол тілдеріне аударып, ғылыми басылымын баспадан шығару кезінде жасалды.

«Құпия шежіренің» Цин патшылығы кезеңіндегі зерттеуі ретінде Жуань Вэйхэнің «Юань чао ми шидегі тарихи географиялық атауларға түсініктеме», Ши Шицзэнің «Юань чао ми ши кітабында кездесетін топонимика» деген кітаптары көрсетіледі. Ван Говэй 1927 жылы жазған «Юань чао ми ши кітабындағы жүйін ірген» деген мақала «жүйін ірген» деген сөздің этимологиясын нюэйчжэндердің қытайша «чжацзюнь» деп жазған әскери мәнап атынан келген деген қорытынды шығарған [12]. Көп өтпей Чэн Бин «Құпия шежіренің» авторы, жазылған жылы туралы зерттеу жасады. Ол тағы аталған кітаптың түрлі нұсқаларынан жалпы жиыны 33 түрлі нұсқасын таныстырып өтті [13]. Чэн Юань «Юань чао ми ши транскрипциясындағы қытай иероглифтерін қолдану ережесі» деген тақырыпта еңбектің қытайша транскрипциясы мәселелерін анықтаудың бастамасын жасады [14]. 1951 жылы Хун Е «Юань чао ми ши» кітабының «Юньлэдадяньдағы» түп нұсқасы мен Мин дәуірінде басылған түп нұсқалардан көшірілген нұсқаларда сақталған мәселелерді жан-жақты зерттеді [15]. Чэнь Цзинь 1996 жылы жарық көрген «Құпия шежіре тану туралы қысқаша шолу» кітабында құпия шежіренің түрлі нұсқаларының таралу ақуалын таныстырып, Хун у жылдары басылған ағаш ойма басылымы мен «Юньлэдадянь» нұсқаларының таралуы мен түрлі қолжазба нұсқалардың қалыптасу ақуалын баяндады [16].

Құпия шежіре тануда әлі де болса дау тудырып келе жатқан мәселелер бар. Сондай мәселелердің бірі еңбектің жазылған уақыты, әдетте еңбек 1240 жылы жазылған делінеді. Бұл пікірді алғаш рет Суэй Сун мен Ли Вэнтянь алға қойып, кейін Ту Цзи, Чэнь Бин қатарлылар тарапынан қолдау тапқан болатын. 1228 жылы жазылған деген келесі пікірді 1901 жылы Дин Цянь ортаға салды [17]. Бұл пікірді Чэнь Цзинь де қолдаған [18]. Чэн Бин өзінің «Юань чао ми шиге жаңа алғы сөз» деген еңбегінде Дин Цянь пікіріне қарсы тұра отырып 1240 жылы жазылған деген көзқарасты жақтаған. Бұдан өзге француз ғалымы Р. Груссе 1941 жылы ортаға қойған еңбек 1252 жылы жазылған деген пікірді белгілі моңғол танушы, батыс деректері мен зерттеу жетістіктерін, мұсылман деректерін қытайшаға аударып келген ғалым Юй Дацзюнь дәріптеп келеді. Ол бұл туралы арнаулы мақала жазып жариялады [19]. Американдық қытай ғалымы Хун Е «Моңғолдың құпия шежіресінің шығу қайнары» деген зерттеуінде кітаптың жазылған жылын 1264 жыл деп көрсеткен. Міне солай пікірталас әлі созылып келеді. Айтулы мәселе жөнінде Іринчин еңбектің жазылған жылы даулы мәселе екенін, себебі ол бір жолда жазып тамамдалған еңбек емес екенін, онда көрсетілген тышқан жылы 1228 жылға тура келгенімен, бұл жыл көрсеткіші 268 бөлімдік еңбектің алғашқы нұсқасы жазылған жылды ғана көрсететіндігін ескертіп, 1240 жылы жазылған деген көпшілік ғалымдар пікіріне күмән келтіреді.

Құпия шежіре танудың өзекті мәселелерінің бірі көне ұйғыр жазуымен жазылған бастапқы түп нұсқаның реконструкциясын жасау жұмысы болып табылады. Жоғарыда көрсетілген Іринчин еңбегінің ғылыми құндылығы құпия шежіренің таңдаулы

реконструкциясын жасаумен ғана шектелген емес, ғалымның құпия шежіренің аты, авторы, жазылған жылы, қытайша транскрипцияланған жылы, түрлі нұсқалары сияқты мәселелер төңірегінде жүргізген тарихи тұрғыдағы зерттеулері еңбектің деректанулық зерттелуінде ерекше маңыз алады. Іринчин пікірі бойынша: Бұл кітаптың ту баста арнаулы аты болмаған, кітап аты делініп келген «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань / Monggol-un Niu'ca tobčá'an» немесе «Чин-киси кахан-ну-кужаур» деген аттардың барлығы кейін қойылған. Іринчиннің шығарма авторы туралы пікірі де құптарлық. Ол құпия автордың кім екенін анықтаудың қиындығын ескерте келіп, кітапты жеке автор емес бірнеше автор жазғанын атап көрсетті.

Бұл жерде Баяр еңбегі мен оның қатысты мәселелер туралы пікірлерін көрсете кетуімізге тура келеді, оның үлкен үш томдық еңбегінің бірінші бөлімі құпия шежіренің авторы, транскрипция жасаушы мен мағналық аударма жасаушы турады мәселелерді зерттеуге арналған, екінші бөлімде кітап түп нұсқасындағы қытайша транскрипция мен сөздердің тұсына жасалған қыстырма аударма, мәтінінің латынша және көне ұйғыр жазуымен моңғолша жазылған реконструкциясы көрсетілген; еңбектің үшінші бөлімінде түзілген «сөздікке» құпия шежірені транскрипциялау кезінде қолданылған 500 деп астам иероглиф жазылған. Баяр еңбектің алғы сөзінде еңбекті татар тайпасынан шыққан Шікі Құтқұ жазған деген Э. Хәниш көзқарасына тойтарыс бере отырып, кітаптың топтық авторлары ретінде көп жылдар бойы ючэнсян міндетін атқарған керей тайпасынан шыққан әйгілі оқымысты Шыңқай, бітікшілерді басқаратын арнаулы міндетті атқарушы керей тайпасынан шыққан бітікші Керейке және қорлас руынан шыққан бітікші Сечегүр қатарлылардың атын атайды.

Құпия шежіренің қытайша иероглифпен жасалған транскрипциясының шығу қайнары туралы мәселе бойынша бірнеше түрлі көзқарас сақталған. Бірінші түрлі көзқарас бойынша қытайша транскрипцияға пагба (пакба немесе пассапа, тибет-моңғолша төртбұрыш жазу деп те аталады) жазуымен жазылған нұсқадан аударылған деген көзқарас; келесі көзқарас бойынша көне ұйғыр жазуымен жазылған нұсқадан келген; енді бірін КСРО ғалымы С.А. Козин ортаға қойған: шығарма ә дегенде моңғолша сөзді қытайша иероглифпен транскрипциялаған дейтін пікірдің жалғасы деуге болады. Мұндай көзқарасты қытайда бір ғана Ман Чан ғана құптаған [20]; төртінші түрлі пікір Чэнь Биннің түп нұсқа найман мемлекеті жойылғаннан кейін наймандардан қабылданған ұйғыр жазуымен жазылған, кейін келе пагба жазуына көшірілген, түп нұсқа міне осындай екі жазуда жазылған деген пікір. Соның ішінде түп нұсқаның көне ұйғыр жазуымен жазылғанын жан-жақты зерттеп, дәлелдеу жолында көп еңбек еткен Баяр жоғарыда айтылған еңбегінде С.А. Козин пікірінің негізсіздігі туралы нақты дәлелдерді ұсынған. Келесі бір қытай ғалымы Чэнь Цзинь С.А. Козин пікіріне тойтарыс берумен бірге, жапон ғалымы *Хаттори Широно* пагба жазуымен жазылған деген пікірін де теріске шығарған, сөйтіп ол түп нұсқа көне ұйғыр жазуымен жазылды деген пікірді дәріштеп келеді.

Ал құпия шежірені қытайша транскрипциялаған адам туралы ғалымдар тарихи еңбектерде сақталған қатысты мәліметтер негізделіп Юань патшалығы Император Академиясының хатшысы қызыметін атқарған қорлас руынан шыққан оқымысты Хоюанцзе және астроном Ма-Шайқ (Shaikh Muhammad) транскрипциялаған деп келді. Алайда Баяр құпия шежіре транскрипциясын «Шэн у тьян кай цзи» («Шэн у цинь чжэн лу») кітабын қытайша аударған Ортаазидағы Балқ қаласынан шыққан Шахан жасаған деген пікірін ортаға қойған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Юань чао би ши» кітабының көпке таныс нұсқалары осы дәуірде пайда болды. Гу Гуанци 12 дәптерді көшіріп шыққаннан кейін Гу Гуанцидің «Юань чао ми ши» салыстырма нұсқасы, яғни «Гу нұсқасы» қалыптасты, кейін келе «Гу нұсқасы» тағы «Сы бу цун кань»

және «Еши Гуан гу тан» нұсқасы болып жіктелді, «Гу нұсқасын Вэнь Тинши қайта көшіргеннен кейін жаңа нұсқа жарыққа шығып, бұл нұсқа «Вэнь Тинши нұсқасы» деп аталды.

2. Li Wéntián. Yuáncháo mǐshǐ zhù (Guāngxù bǐng shēn nián jì 1896 nián) Jiànxi cūnshě kèběn; Shànghǎi: Shāngwù yīnshūguǎn, 1931.

3. Xiè Zàishàn. Ménggǔ mǐshǐ, Kāimíng shūdiàn, Běijīng, 1951.

4. Ц. Дамдинсүрэн. Моңғолдың құпия шежіресі (Mong'ol-un ni'usa tobciyan. Ula'anba'atur, 1947. Қыт.ауд.: Се Цзайшань. Чжунхуашуцзюй баспасы, 1956).

5. Dào rùn tī bù. Ménggǔ mǐshǐ, Nèiménggǔ rénmin chūbǎn shè, 1979.

6. Jagchid Sechen. Ménggǔ mǐshǐ xīn yì bǐng zhùshì. Taiwan, Táiběi: Lián jīng, 1979.

7. É ěr dēng tài, Wūyún dá lài. Ménggǔ mǐshǐ jiàokān běn, Nèiménggǔ rénmin chūbǎn shè, 1980.

8. Mǎn chāng. Ménggǔ mǐshǐ jiǎn yībēn, (Méng wén) Nèiménggǔ rénmin chūbǎn shè, 1987.

9. Иринчин. Моңғолдың құпия шежіресінің көне ұйғыр жазуымен жазылған моңғолшасының реконструкциялық нұсқасы. Ішкі Моңғол университетінің баспасы, 1987 жыл (Yì Línzhēn. «Ménggǔ mǐshǐ Wèi wú er tǐ ménggǔ wén huányuán běn». Nèiménggǔ Dàxué chūbǎn shè, 1987 nián); Баяр. Моңғолдың құпия шежіресі. Ішкі Моңғол халық баспасы, 1981 (Ba yǎ ěr. Ménggǔ mǐshǐ, Nèiménggǔ Rénmin chūbǎn shè, 1981).

10. Yú Dàjūn. Ménggǔ mǐshǐ yìzhù. Héběi rénmin chūbǎn shè, 2001.

11. Б. Темүрбагин. Мин дәуіріндегі тарихи шығармаларға жазылған «Юань чао ми шиге» қатысты мәліметтер туралы. Ішкі Моңғол педагогикалық университетінің хабаршысы. № 3 сан, 1990 (Bái .Tèmùěrbāgēn. Míngdài shǐ shèng zhùlù 'yuáncháo mǐshǐ' kǎo luè. Nèiménggǔ Shǐ dà xuébào, 1990 nián, dì 3 qī).

12. Wáng Guówéi. Yuáncháo mǐshǐ zhī zhǔyīn yì er jiān/Wáng Guówéi yìshū, dì sān cè, Shànghǎi: Shànghǎi gǔjī shūdiàn, 1983.

13. Чэнь Бин. Юань чао би шиға жаңа алғы сөз. Шанхай, 1929 (Chén bīn: Yuáncháo mǐshǐ xīn xù, Shànghǎi: Shāngwù yīn shūguǎn, 1929).

14. Шэнь Юань. Юань Чао би ши транскрипциясына қолданылған иероглифтер / Чэнь Юаньнің зерттеу мақалалар жинағы, II т., Чжунхуашуцзюй, 1982 (Chén Yuán. Yuán mǐshǐ yìyīn yòng zì kǎo, (zài «Chén yuán xuéshù lùnwén jí», dì èr jí, zhōnghuá shūjú chūbǎn, 1982).

15. Хун Е. «Мэнгу ми ши» кітабының шығу қайнары / Қытайдың Юань дәуірі тарихын зерттеу хабаршысы, 1982, №2 сан (Hóng Yè. Ménggǔ mǐshǐ yuánliú kǎo / Zhōngguó yuánshǐ yánjiū tōngxùn, Yuánshǐ yánjiū huì biān, 1982 nián, dì 2 qī).

16. Zhēn Jīn. Ménggǔ mǐshǐ xué gàilùn. Nèiménggǔ jiàoyù chūbǎn shè, 1996.

17. Дин Цянь. Юаньчао миши кітабындағы географиялық деректер туралы зерттеу; Юань чао миши авторы туралы (қараңыз: Dīng Qiān. Yuán mǐshǐ dìlǐ kǎozhèng (Zhèjiāng túshū guǎn cóngshū dì èr jí, shàng, xià cè: Yuán mǐshǐ zuòzhě rénmíng kǎo).

18. Chén jīn. Shì xī «Ménggǔ mǐshǐ» chéngshū niándài/Ménggǔ mǐshǐ yánjiū, 1990.

19. Юй Дацзюнь. Моңғолдың құпия шежіресінің жазылған жылы. Қытай тарихын зертеу жаңалықтары. № 1, 1982 (Yú Dàjūn. Ménggǔ mǐshǐ chéngshū niándài kǎo. Zhōngguó shǐ yánjiū dòngtài. 1982, dì 1 qī).

20. Ман Чан. Құпия шежіренің түп нұсқасы қытайша жазылған деген пікір туралы (Mǎn Chāng. Lùn «Ménggǔ mǐshǐ» de yuánwén shì yòng hànzi xiě chéng de. Nèiménggǔ jiàoyù xuéyuán xuébào, 1990, dì 1 qī).

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫСЫ	8
Атығаев Н.А. БИЛІКТІҢ КЕЙБІР СИМВОЛДАРЫ ТУРАЛЫ (ТАҚ ПЕН ТӘЖ: МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНАН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН)	14
Атығаев Н.А. «ТАРИХ-И АЛФИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА	33
Жеңіс Ж. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС	39
Жұбанышов Б.Т., Қаипбаева А.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІН ОТАРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	45
Жүнісбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ (1928-1931 ЖЖ.) (қайраткердің 125-жылдық мерейтойына орай)	49
Жылқышыбаева Қ.Қ., Қаипбаева А.Т. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	64
Ксенжик Г.Н. ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР	76
Қаипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ 1941-45 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ	83
Несіпбаева Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АДАСУШЫЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ	90
Нұрманова А.К. ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ ОРАЛ БӨЛІМШЕСІ ҒЫЛЫМИ-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ	96
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	106
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	116
Өскембаева Г.Ж. ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	122
Смағұлова С.О. АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	137
Раисов Қ.Д., Қаипбаева А.Т. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ	154
Торланбаева К.У. ОҚИҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАЛАР: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ	161

Төлебаев Т.Ә.

П.Г. ГАЛУЗО ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ 170

Шашаев Ә.К.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ТАРИХЫНАН 180

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т.	
КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКИХ РАБОЧИХ В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД	8
Атыгаев Н.А.	
О НЕКОТОРЫХ СИМВОЛАХ ВЛАСТИ (ТРОН И КОРОНА: ОТ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ К КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ)	14
Атыгаев Н.А.	
О ЦЕННОСТИ СВЕДЕНИЙ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АЛФИ» В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	33
Женис Ж.	
ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА	39
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т.	
СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КОЛОНИЗАЦИИ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА	45
Жунисбаев А.	
САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ПЕРВЫЙ РЕКТОР КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1928-1931 ГГ.) (к 125-летию со дня рождения деятеля)	49
Жылкышыбаева К.К., Каипбаева А.Т.	
ВОССТАНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (КОНЕЦ XIX – СЕРЕДИНА XX ВВ.)	64
Ксенжик Г.Н.	
ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК	76
Каипбаева А.Т., Бурханов Б.Б.	
САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД ИЛЬЯСА ОМАРОВА НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ В 1941-45 ГОДАХ	83
Несипбаева Ж.Ж.	
ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ГРАНИ ИСТИНЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ	90
Нурманова А.К.	
УРАЛЬСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КРАЯ КАК ЦЕНТР НАУЧНО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	96
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О ДРЕВНИХ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ НА ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ	106
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»	116
Оскембаева Г.Ж.	
ГОЛОД В КОСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	122
Раисов К.Д., Каипбаева А.Т.	
ГУМАНИСТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» АБАЯ ...	154
Смагулова С.О.	
ГОЛОД В АКТЮБИНСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	137
Торланбаева К.У.	
СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ: К ИСТОРИИ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАГАНАТА ВОСТОЧНЫХ ТЮРКОВ	161

Тулєбаєв Т.А.

П.Г. ГАЛУЗО О КАПИТАЛИЗМЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТЯХ В КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ 170

Шашаев А.К.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ. 180

CONTENTS

Abdulina A.T.	
CULTURE AND EVERYDAY LIFE OF KAZAKH WORKERS IN THE POST-WAR PERIOD	8
Atygayev N.A.	
ON CERTAIN SYMBOLS OF POWER (THRONE AND CROWN: FROM THE MONGOL EMPIRE TO THE KAZAKH KHANATE)	14
Atygayev N.A.	
ON THE VALUE OF THE DATA IN THE WORK "TARIKH-I ALFI" IN RESEARCHING THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE	33
Zhenis Zh.	
THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE	39
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T.	
STRATEGIC GOALS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE COLONIZATION OF THE SYR DARYA REGION	45
Zhunisbayev A.	
SANZHAR ASFENDIAROV – THE FIRST RECTOR OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY (1928-1931) (dedicated to the 125 th anniversary of the public figure)	49
Zhylykyshbayeva K.K., Kaipbaeva A.T.	
THE UPRISING OF KENESARY KASYMULY IN THE RESEARCH OF RUSSIAN SCHOLARS (LATE 19TH – MID-20TH CENTURY)	64
Ksenzhik G.N.	
INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK	76
Kaipbayeva A.T., Burkhanov B.B.	
ILYAS OMAROV'S SELFLESS WORK ON THE LABOR FRONT IN 1941-45	83
Nesipbaeva Zh.Zh.	
FOREIGN HISTORIOGRAPHY OF THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE FACETS OF TRUTH AND DELUSION	90
Nurmanova A.K.	
THE URAL BRANCH OF THE SOCIETY FOR THE STUDY OF THE KAZAKH REGION AS A CENTER FOR SCIENTIFIC AND LOCAL HISTORY ACTIVITIES	96
Oshan Zh.	
RESEARCH BY CHINESE SCHOLARS ON ANCIENT CENTRAL ASIAN WRITTEN DOCUMENTS IN INDO-EUROPEAN LANGUAGES	106
Oshan Zh.	
STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS	116
Oskembayeva G.Zh.	
FAMINE IN THE KOSTANAY REGION (1921-1922)	122
Raisov K.D., Kaipbayeva A.T.	
THE HUMANISTIC ESSENCE OF ABAY'S IDEA OF THE «PERFECT MAN»	154
Smagulova S.O.	
FAMINE IN THE AKTOBE REGION (1921-1922)	137
Torlanbayeva K.U.	
EVENTS AND PERSONALITIES: ON THE HISTORY OF THE REVIVAL OF THE EASTERN TURKIC KHAGANATE	161

Tulebaev T.A.

P.G. GALUZO ABOUT CAPITALISM AND ITS FEATURES IN THE KAZAKH EARTH 170

Shashaev A.K.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES 180

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы

2015. 1 (2)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2015.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 15,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй